

«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар Кеңесі
БЕКІТКЕН
2026 жылғы 01 маусымдағы No 19/26 хаттама

«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ., 2026 ж.

МАЗМҰНЫ:

1. Жалпы ережелер
2. Сақтандыру объектісі
3. Сақтандыру жағдайы
4. Сақтандыруға жатпайтын жағдайлар және сақтандыруды шектеу. Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері
5. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі. Франшиза
6. Сақтандыру сыйлықақысын анықтау тәртібі
7. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі
8. Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі және орны. Пролонгация
9. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
10. Сақтандыру шарты әрекет ету мерзімінде сақтандыру тәуекелін арттыру салдары
11. Сақтандыру төлемін жасау туралы мәселені қарау үшін қажетті құжаттар
12. Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен ережесі
13. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарауы
14. Қосарлы сақтандыру
15. Суброгация
16. Сақтандыру шартына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар
17. Сақтандыру шартын тоқтату ережелері
18. Тараптардың жауапкершілігі
19. Дауларды шешу тәртібі
20. Қосымша ережелер

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы «Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ темір жол көлігін Сақтандыру ережелері (бұдан әрі - «Ережелер») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126-II Заңына сәйкес әзірленді.
- 1.2. Осы Ереженің талаптарында «Basel» Сақтандыру компаниясы Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Сақтандырушы») заңды (меншік нысанына қарамастан) немесе әрекетке қабілетті жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) (бұдан әрі – «Сақтанушы») Теміржол көлігін Сақтандыру шартын (бұдан әрі – «Сақтандыру шарты») жасасу жолымен бүлінген немесе жоғалған (жойылған) жағдайда теміржол көлігін ерікті сақтандыруды жүзеге асырады.
- 1.3. Осы Ережелерде келесі түсініктер қолданылады:

Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына Сақтандыру шарты жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті тұлға. Сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар заңды тұлға ғана Сақтандырушы бола алады;

Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан тұлға;

Сақтандырылғушы – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нысан бойынша көрсетілген Сақтанушының жазбаша ерік білдіруі негізінде Сақтандырылған темір жол көлігін басқаруға жіберілген адамдар;

сақтандыру жағдайы – Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиға оның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілеріне ие болуы керек;

сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

сақтандыру сыйлықақысы – Сақтанушының Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;

сақтандыру төлемі – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде Сақтандырушыға (Пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы;

франшиза – сақтандыру талаптарында көзделген Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату. Франшиза шартты (шегерілмейтін) және шартсыз (шегерілетін) болып табылады және сақтандыру сомасына пайызбен немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері осы сомадан көп болса, залалды толық өтеуге тиіс. Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген сома шегеріле отырып өтеледі.

- 1) **опырылу** – ауырлық күшінің әсерінен тау баурайынан тау жыныстары массаларының төмен қарай үзілуі және құлауы;
- 2) **көпірлердің, тоннельдердің бұзылуы** – конструкция материалының немесе оның элементінің тұтастығын бұзу процесі, сондай-ақ процесінің салдары;

- 3) **өрт** – оттың оны өсіру және ұстап тұру үшін арнайы арналған орындардан тыс жерде пайда болуы немесе одан тыс жерлерге таралуы және өздігінен таралу қабілеті;
- 4) **жарылыс** – қысқа уақыт аралығында шағын көлемде айтарлықтай энергия бөлумен өтетін және жарылыс өнімдерінің жоғары жылдамдықты кеңеюі салдарынан қоршаған ортаға соққы, діріл және жылу әсеріне әкелетін тез ағатын физикалық немесе физикалық-химиялық процесс;
- 5) **найзағайдың түсуі** – найзағайдың сақтандырылған мүлікке тікелей түсуі;
- 6) **табиғи апат**, атап айтқанда: дауыл (ауа райы жағдайларынан туындаған, Бьюфорд шкаласы бойынша 8 балға сәйкес келетін жел күші бар ауа массаларының қозғалысы - желдің жылдамдығы сағатына 60 км-ден астам) немесе боран, бұршақ, су тасқыны, жер сілкінісі, көшкін, сел тасқыны;
- 7) **үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері** – үшінші тұлғалардың сақтандырылған мүлікті бүлдіруге және (немесе) жоюға бағытталған құқыққа қарсы әрекеттерінің салдары болып табылған материалдық залал келтіру;
- 8) **ұрлық** – бөтеннің мүлкін жасырын ұрлау.
- 9) **апат немесе рельстен шығу (сапарларда да, маневрлік жұмыс кезінде де)** - жылжымалы теміржол құрамының қозғалысы кезінде және оның қатысуымен туындаған оқиға;
- 10) **авария** – теміржол жылжымалы құрамының басқа теміржол жылжымалы құрамымен, көлік құралымен соқтығысуы, аралықтағы немесе теміржол станциясындағы, поезддық немесе маневрлік жұмыс, керек-жарақ немесе басқа да қозғалыстар кезінде, сондай-ақ құлау, көпірлер мен тоннельдердің бұзылуы, өрт, жарылыс, найзағайдың түсуі, дүлей зілзалалар немесе үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы іс-әрекеттері салдарынан теміржол жылжымалы құрамының жолдан шығуы.
- 11) **Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым (бұдан әрі - ұйым)** - акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі коммерциялық емес ұйым. Ұйым “Сақтандыру қызметі туралы” Заңның және сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңдарының негізінде сақтандырудың міндетті және ерікті түрлері, қайта сақтандыру, бірлесіп сақтандыру, бірлескен қайта сақтандыру дерекқорын қалыптастырады және жүргізеді.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде теміржол көлігін иеленумен, пайдаланумен, билік етумен, оның зақымдануы немесе жоғалуы (жойылуы) салдарынан байланысты Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін мүлдіктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.
- 2.2. Теміржол көлігінің келесі түрлері сақтандыру мәні болып табылады:
 - ✓ Тартымдық жылжымалы құрам (барлық түрдегі локомотивтер, дизель-поездар, турбопоездар, автомотрисалар, авто- және мотодрезиналар, мотовоздар);
 - ✓ вагондар (жолаушылар, жүк, пошта, пошта-жүк, мейрамхана, қызметтік, изотермиялық, арнайы вагондар, жабық, жартылай вагондар, платформалар, цистерналар, цемент тасығыштар, транспортерлер, малды, тірі балықты, битумды, жеңіл автомобильдерді тасымалдауға арналған вагондар);
 - ✓ темір жол көлігінің өзге де түрлері.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

- 3.1. Осы Ережеге сәйкес келесілер нәтижесінде сақтандырылған теміржол көлігінің зақымдануы немесе жоғалуы (жойылуы) сақтандыру жағдайлары болып танылады
- 1) рельстерден құлау немесе түсіп кету (сапарларда да, маневрлік жұмыс кезінде де);
 - 2) апаттар;
 - 3) құлау;
 - 4) көпірлердің, тоннельдердің бұзылуы;
 - 5) өрт;
 - 6) жарылыс;
 - 7) найзағайдың түсуі;
 - 8) табиғи апаттар;
 - 9) үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері;
 - 10) ұрлық.
- 3.2. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайларының өзге тізбесі көзделуі мүмкін.
- 3.3. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оларға келтірілген зиянның мөлшерін дәлелдеу Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) және Пайда алушыға жүктеледі.

4. САҚТАНДЫРУҒА ЖАТПАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

- 4.1. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысы келесілерге таралмайды:
- 1) Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының немесе олардың өкілдерінің ниеті немесе өрескел абайсыздығы;
 - 2) егер бұл мүлікті сақтау қажеттілігінен туындаған аса қажеттіліктен туындамаса, мүліктің Сақтандыру шартында белгіленген географиялық шектерден (сақтандыру аумағынан тыс) тыс жерде болуы;
 - 3) егер жану таралмаса, өндірістің технологиялық процесінің ерекшелігіне немесе өнеркәсіптік қондырғылар мен агрегаттардың жұмыс жағдайларына, сондай-ақ заттарды қайта өңдеу, басқа да сапалық сипаттамаларын өзгерту мақсатында оларды отпен, жылумен немесе өзге де термиялық (жылулық) әсермен өңдеуге негізделген жану;
 - 4) өрттің аппараттан, агрегаттан, механизмнен тыс таралуына әкеп соқпаған темір жол көлігіндегі электр жабдықтарындағы электр желілерінің қысқа тұйықталуы;
 - 5) теміржол көлігін тасымалданатын жүкпен бүлдіру;
 - 6) басқа жөнелтушілердің жүктерін тасымалдау үшін темір жолмен теміржол көлігін кездейсоқ өз бетінше иеленіп алған жағдайда;
 - 7) жобадағы (дизайндағы), ерекшеліктердегі, өндірістегі, материалдардағы қателер / жаңылыстар;
 - 8) мүлікті сақтандыру уақытында немесе сақтандыру жағдайынан кейін ұрлау немесе жымқыру.
- 4.2. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандырумен келесі оқиғалар өтелмейді:
- 1) Сақтанушының, Сақтандырылушының теміржол көлігін пайдалану, оның ішінде техникалық ақаулы теміржол көлігін пайдалану ережелерін бұзуы, немесе оны пайдалануға тыйым салынған ақаулар болған кезде, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі ережелерін, өрт қауіпті және жарылыс қауіпті заттар мен заттарды тасымалдау және сақтау ережелерін, Қазақстан Республикасының

- заңнамасында белгіленген жүктерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптарын бұзуы нәтижесінде болған жағдайларда, сондай-ақ жүктерді теміржол көлігімен тиеу және тасымалдау кезінде олардың температуралық режимі жөніндегі талаптарды бұзғанда;
- 2) тозуды, тотты, тоттануды, зеңді, саңырауқұлақ бактерияларын, ылғалды немесе құрғақ шіруді, біртіндеп нашарлауды, латентті ақауларды, зауыттық жарамсыздықты, баяу дамып келе жатқан деформацияны немесе бұрмалануды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, біртіндеп әрекет ететін себептер нәтижесінде болған;
 - 3) шатырдың немесе люктердің ағуы нәтижесінде болған (егер сақтандыру жағдайының нәтижесінде шатыр немесе люктер зақымдалмаса).
- 4.3. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін жасаудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы, егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан орын алса:
- 1) қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының/Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
 - 2) Сақтанушының/Сақтандырылушының және / немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері.
- 4.4. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан босатылады, егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан орын алса:
- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті уланудың әсері;
 - 2) әскери іс-қимылдар, терроризм актілері;
 - 3) азаматтық соғыс, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер.
- 4.5. Сақтандырушы мемлекеттік органдардың өкімі бойынша сақтандырылған темір жол көлігін алып қою, тәркілеу, реквизициялау, тыйым салу немесе жою салдарынан туындаған залалдар үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.
- 4.6. Егер Сақтандыру шартында өзге жағдай айтылмаса, Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар да негіз болуы мүмкін:
- 1) Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;
 - 2) Сақтанушының/Сақтандырылушының сақтандыру жағдайынан залалдарды азайту жөнінде шараларды қасақана қабылдамауы;
 - 3) Сақтанушының/Сақтандырылушының залалды келтіруге кінәлі тұлғадан мүліктік Сақтандыру бойынша шығынның тиісті өтемін алуы;
 - 4) Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын анықтауда және оған келтірілген залалдың мөлшерін анықтауда кедергі жасауы;
 - 5) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу/уақтылы хабардар етпеу;
 - 6) Сақтанушының/Сақтандырылушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы негіз болып табылады. Егер сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса, Сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы;

- 4.7. Сақтандырумен моральдық зиян, ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін (Сақтандырушының сақтандыру құпиясын сақтау міндетімен байланысты емес) мәліметтерді таратудан келтірілген зиян, Сақтанушының/Сақтандырылушының, Пайда алушының (оның ішінде Сақтандырушының) шығындары өтелмейді. Айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы, сот шығындары, теміржол көлігін жөндеу кезінде басқа теміржол көлігін жалға алу, тұрғын үйді жалға алу немесе қонақ үйде тұру жөніндегі шығыстар, іссапар шығыстары, теміржол көлігін тұраққа қою және күзету жөніндегі шығыстар, теміржол көлігінің тауарлық құнын/тауарлық түрін жоғалту, жоғалған пайда).
- 4.8. Сақтандыру шартымен Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздерінің тізбесі өзгертілуі/қысқартылуы / толықтырылуы мүмкін.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА

- 5.1. Сақтандыру сомасының мөлшері бухгалтерлік құжаттардың, нарықтық конъюнктураның және Сақтандыру шартында айқындалған Сақтандыру шарты жасалған кездегі темір жол көлігінің баланстық немесе нарықтық құнымен айқындалады және сақтандыру шартында көрсетіледі.
- 5.2. Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы келісім бойынша темір жол көлігінің нақты құны, тәуелсіз сараптамалық бағалау негізінде айқындалуы мүмкін, егер оның анықтамасы өзге тәсілмен жұмсалса және/немесе сақтандырылған темір жол көлігі туралы ақпараттың бұрмалануына әкеп соғуы мүмкін болса.
- 5.3. Сақтандырушы қажет болған жағдайда сақтандыру объектісінің нақты құнын белгілеу мақсатында сараптама тағайындауға құқылы.
- 5.4. Тараптар қалпына келтіру құнына тең сомаға объектіні сақтандыру туралы уағдаласа алады, бұл ретте Сақтандыру шартында сақтандыру объектісін бағалау әдісі ерекше айтылады.
- 5.5. Сақтандырушы Сақтанушының оны әдейі адастырғанын дәлелдеген жағдайларды қоспағанда, Тараптар Сақтандыру шартында айқындалған мүліктің құнына дау айта алмайды.
- 5.6. Егер Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып кетсе, Сақтандыру шарты Сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі нақты құнынан асатын сақтандыру сомасының бөлігінде заңға байланысты жарамсыз болып табылады.
- 5.7. Сақтандыру шартында франшиза (шартты және шартсыз) қарастырылуы мүмкін. Франшиза сақтандыру сомасына пайызбен немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді.
- 5.8. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген сомасынан аспайтын залал үшін жауапкершіліктен босатылады және егер оның сомасы франшизадан артық болса, залалды толық өтеуге тиіс. Шартсыз франшиза кезінде егер залал франшизаның белгіленген мөлшерінен аспаса, онда төлем жүргізілмейді, артық болған жағдайда залал белгіленген франшиза шегеріле отырып өтеледі.
- 5.9. Франшизаның түрі мен мөлшері Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша белгіленеді және Сақтандыру шартында көрсетіледі.
- 5.10. Франшиза бір сақтандыру жағдайы үшін немесе әрбір сақтандырылған тәуекел үшін белгіленуі мүмкін. Егер бірнеше сақтандыру жағдайлары немесе тәуекелдері орын алған болса, франшиза сомасы олардың әрқайсысы бойынша залал сомасын есептеу кезінде ескеріледі.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері темір жол көлігінің сипаттамаларына, оны пайдалану шарттары мен ерекшеліктеріне, таңдалған тәуекелдер тізбесіне, сақтандыру мерзіміне, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығына және ықтимал залалдың шамасына әсер ететін өзге де факторларға байланысты болады және Сақтандырушының тарифтік саясатына сәйкес есептеледі.
- 6.2. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, Сақтанушы Сақтандырушыдан сақтандыру туралы жазбаша растаманы және сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуге тиісті шотты алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуге міндетті. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, Сақтанушы қосымша сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушының тиісті шотында көрсетілген мерзімдерде, бірақ осы шотты алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей төлейді. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу Шарттың талаптарына сәйкес біржолғы төлеммен немесе бөліп төлеумен жүргізіледі.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Сақтандыру шарты Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша толтырылған Сақтанушының жазбаша/электрондық өтініші, темір жол көлігінің тіркеу құжаттары, темір жол көлігін сақтандыруға қабылдау актісі (егер оны Сақтандырушы/оның өкілі жасаса) және темір жол көлігіне заттық құқықтарды растайтын құжаттар негізінде жасалады. Өтініште темір жол көлігі туралы барлық қажетті мәліметтер болуға тиіс. Сақтанушы сақтандырылатын темір жол көлігіне қатысты тәуекел дәрежесін айқындау мақсатында өзіне Сақтандырушы қойған барлық сұрақтарға жауап беруге міндетті. Сақтанушының өтініші және темір жол көлігін сақтандыруға қабылдау актісі (егер оны Сақтандырушы/оның өкілі жасаса) Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Сақтанушы өтініште жалған мәліметтер көрсеткен жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы. Көрсетілген өтінішті толтыру кезінде Сақтанушы сақтандыру тәуекелін бағалау үшін өзіне белгілі, елеулі маңызы бар барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.
- 7.2. Сақтандыру шартын жасасу, Сақтандырушының талабы бойынша сақтандыру талаптарын өзгерту кезінде Сақтанушы темір жол көлігін қарап тексеру үшін ұсынуға міндетті. Сақтандыру шартын жасасу кезінде зақымданған темір жол көлігінің бөлшектері (тораптар, агрегаттар) үшін Сақтандырушы жауапты болмайды.
- 7.3. Сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтандырушы жоғарыда көрсетілген талаптардың/құжаттардың тізбесін қысқартуы не сақтандыру тәуекелінің дәрежесін сипаттайтын қосымша құжаттарды талап етуі мүмкін.
- 7.4. Сақтандырушы себебін түсіндірместен Сақтанушымен Сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы.
- 7.5. Сақтандыру шарты тараптардың Сақтандыру шартын жасау жолымен жазбаша/электрондық нысанда жасалады.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

- 8.1. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты 12 ай мерзімге жасалады және сақтандыру сыйлықақысы төленген күннен кейінгі күннен

- бастап күшіне енеді. Ақшаның Сақтандырушының банк шотына немесе кассасына түскен күні сақтандыру сыйлықақысын төлеу күні болып есептеледі.
- 8.2. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
- 8.3. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, ол Сақтандыру шарты аяқталған күн ретінде Сақтандыру шартында көрсетілген күннің 24 сағат 00 минутында не Сақтандырушы алғашқы басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде өз қолданысын тоқтатады. Егер бұл Сақтандыру шартында тікелей ескертілсе, ол Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырған кезде не темір жол көлігінің толық жойылу тәуекелі бойынша немесе темір жол көлігін ұрлау тәуекелі бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде өз қолданысын тоқтатады.
- 8.4. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы сақтандырудың аумағы болып табылады.
- 8.5. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шарты Сақтандыру шарты тоқтатылатын және сақтандыру сыйлықақысы төленетін күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын Тараптардың біріне хабарланған жағдайда, Сақтандыру шарты келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушы ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының Сақтандыру шартының талаптары мен талаптарын орындауын тексеруге;
- 2) сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабарлама алғаннан кейін Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе ұлғайған тәуекелге мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;
- 3) Сақтанушы өзіне белгілі болған, Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлау міндетін орындамаған кезде, Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі түрде әсер етуі мүмкін болса не Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе тәуекел дәрежесінің ұлғаюына сай сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе;
- 4) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға, оның ішінде тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретін негізге ала отырып, сақтандыру жағдайының басталу дерегін және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 5) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының дерегін, оның басталу мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
- 6) Сақтандыру шартында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға;
- 7) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау мақсатында Сақтандыру шарты шеңберінде ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға/одан бас тартуға;
- 8) Сақтандыру шартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

9.2. Сақтандырушының міндеттері:

- 1) Сақтанушыны осы Ережелермен таныстыруға және оның талабы бойынша сақтандыру Ережелерінің көшірмесін ұсынуға (жіберуге);
- 2) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 3) Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленуші (Пайда алушы) не олардың өкілі осы Ережелердің 11-тармағында көзделген құжаттарды дереу, бірақ 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынбаған жағдайда, оны жеткіліксіз құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге;
- 4) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 5) Сақтанушыға және Пайда алушыға Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырудан жазбаша дәлелді бас тартуды жіберуге;
- 6) Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін өзі жұмсаған шығыстарды өтеуге;
- 7) Сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген басқа да әрекеттерді жасауға құқылы.

9.3. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан темір жол көлігін Сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға;
- 3) сақтандыру жағдайы басталғанға дейін Сақтандыру шартында аталған, Сақтандырылған болып табылмайтын Пайда алушыны бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлай отырып, басқа тұлғамен алмастыруға. Пайда алушыны оның Сақтанушымен келісімінен туындайтын Сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттерді орындағаннан немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөнінде талап қойғаннан кейін басқа тұлға алмастыра алмайды;
- 4) Сақтандыру шартына Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға.

9.4. Сақтанушының міндеттері:

- 1) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 2) Сақтандыру шартын жасасу кезінде және оның қолданылу кезеңінде осы сақтандыру объектісіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша барлық қолданыстағы/жасалатын сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 3) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабардар етуге;
- 4) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға хабарлауға, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса;
- 5) тәуекел дәрежесі ұлғайған кезде Сақтанушы Сақтандыру шартын өзгерту және/немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеу туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтандыру шартына өзгерістер енгізуге және/немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 6) Сақтандырушы сұратқан Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;

- 7) Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.

9.5. **Сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтанушының /Сақтандырылушының міндеттері:**

Сақтанушы/Сақтандырылушы өзіне сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгілі болғаннан/болуға тиісті болғаннан кейін (сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға) міндетті:

- 1) ықтимал залалдарды болғызбау немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайларда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды, оның ішінде теміржол көлігін құтқару және сақтау шараларын қабылдауға;
- 2) өз құзыретіне қарай тиісті органдар мен ұйымдарға (өртке қарсы қызмет органдары, апаттық қызметтер, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік) оқиғаның басталғаны туралы дереу хабарлауға;
- 3) уәкілетті мемлекеттік және өзге де құзыретті органдардың оқиғаның Құжаттамалық ресімделуін қамтамасыз етуге;
- 4) тез арада, кез келген жағдайда, сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға болған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей ол туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға. Бұл ретте Сақтанушы Сақтандырушыға өзіне белгілі сақтандыру жағдайының мән-жайлары, келтірілген залалдың түрлері мен мөлшері туралы барлық мәліметтерді хабарлауға;
- 5) Сақтандырушының өкіліне бүлінген теміржол көлігін кедергісіз қарап-тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- 6) Сақтандырушының өкіліне сақтандыру жағдайы басталуының себептері мен мән-жайларын анықтауға жәрдемдесуге, оның ішінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы бағалауға мүмкіндік беретін оған қолжетімді барлық ақпарат пен құжаттаманы беруге;
- 7) үшінші тұлғалардан сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген залалдардың қандай да бір өтемін (өтемақысын) алғаны туралы Сақтандырушыны дереу жазбаша хабардар етуге;
- 8) егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтандырушының да, Сақтанушының да мүдделерін қорғау үшін өз өкілін тағайындауды қажет деп тапса – Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға сенімхат немесе осындай мүдделерді қорғау үшін өзге де қажетті құжаттарды беруге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушының мүдделерін сотта білдіруге немесе сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтанушыны құқықтық қорғауды өзге түрде жүзеге асыруға құқылы, бірақ міндетті емес;
- 9) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оларға келтірілген шығындарды дәлелдеу ауыртпалығын көтеруге, оның ішінде сараптама жүргізуге ақы төлеуге, сарапшылардың оқиға орнына шығуына, мамандардың тартылуына және кеңесіне, қажетті құжаттарды жинауға және т. б.;
- 10) Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға Сақтандырушының өзіне ауысқан регрестік талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға;
- 11) Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді орындауға.

9.6. Егер Сақтанушы 9.5-т. көрсетілген міндеттемелерді орындамаса, осы баптың бірінші бөлігінде Сақтандырушының оған залалды өтеуден бас тартуға құқығы бар.

- 9.7. Егер жоғалған (ұрланған) мүлік туралы құзыретті органдарға мәлімделмеген немесе уақтылы мәлімделмеген болса, онда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттен осы мүлікке қатысты бөлігінде ғана босатылады.
- 9.8. Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақытша хабардар ету және ықтимал шығындардың алдын алу немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайларда ақылға қонымды және қол жетімді шараларды, оның ішінде сақтандырылған мүлікті құтқару және сақтау шараларын қабылдау міндеті Сақтанушыға, Пайда алушыға, Сақтанушының не Сақтандырылушының мұны істегеніне немесе жасамағанына қарамастан жүктеледі. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны белгіленген мерзімде хабардар етпеу оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.
- 9.9. **Пайда алушы құқылы:**
- 1) Сақтандырушыдан темір жол көлігін сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
 - 2) Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап қоюға;
 - 3) Сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және талаптармен сақтандыру төлемін алуға;
 - 4) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға;
 - 5) осы Ережелерге және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға.
- 9.10. Осы бөлімде көзделген Тараптардың құқықтары мен міндеттері толық болып табылмайды. Тараптар осы Ережелердің өзге тармақтарында, Сақтандыру шартының талаптарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқықтарға ие және міндеттерді атқарады.
- 9.11. Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі Сақтандыру шартымен өзгертілуі/қысқартылуы / толықтырылуы мүмкін.

10. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІН АРТТЫРУ САЛДАРЫ

- 10.1. Сақтанушы Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде болған, сақтандыруға қабылданған сақтандыру тәуекеліндегі өзіне белгілі барлық елеулі өзгерістер туралы, тіпті сақтандыру тәуекелінің мұндай өзгерісі Сақтанушының еркімен болмаса да, Сақтандырушыға дереу хабарлауға міндетті.
- 10.2. Сақтандыру объектісіндегі немесе сақтандыру объектісіне байланысты, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін шығындардың мөлшерін анықтау үшін маңызы бар және, егер олар Сақтандыру шартын жасасу кезінде болған болса – Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешіміне немесе Сақтандыру шартының нақты талаптарына әсер етуі мүмкін өзгерістер сақтандыру тәуекеліндегі елеулі өзгерістер деп танылады.
- 10.3. Егер Сақтанушы сақтандыру тәуекелінде болған өзгерістердің елеулі болып табылатындығына күмәнданса, ол Сақтандырушыға осы өзгерістер туралы хабарлауға міндетті.
- 10.4. Жалпы жағдайда Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасу кезінде оның сақтандыру туралы өтінішінде және Сақтандыру шартында көрсеткен мәліметтердегі өзгерістер елеулі болып табылады.
- 10.5. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы қолданыстағы Сақтандыру шартының талаптарына

өзгерістер енгізуді немесе сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына байланысты қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

- 10.6. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарына өзгерістер енгізуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген ережелерге сәйкес Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы.
- 10.7. Сақтанушы осы баптың 10.1-тармағында көзделген міндеттерді орындамаған жағдайда. Сақтандырушы (сақтандыру оқиғасы басталғанға дейін) Сақтандыру шартын бұзуды және Сақтандыру шартын бұзудан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.
- 10.8. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соқтыратын мән-жайлар жойылса, Сақтандырушының Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқығы жоқ.

11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ҚАРАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

- 11.1. Сақтандырушының сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауы үшін Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтініш пен мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:
- 1) сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
 - 2) Сақтандыру шартының көшірмесі;
 - 3) сақтандырылған темір жол көлігін иелену құқығын растайтын құжаттар (сатып алу-сату шарты, жалдау шарты, жалдау шарты және т. б.);
 - 4) нәтижесінде шығындар туындаған оқиғаның басталу дерегін растайтын құжаттар;
 - 5) сақтандырылған теміржол көлігіне келтірілген залалдардың мөлшерін айқындау жөніндегі құжаттар;
 - 6) тәуекелге байланысты сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін Сақтанушы/Пайда алушы мыналарды ұсынуы тиіс:

рельстерден құлау, авария, соқтығысу немесе рельстен шығып кету, опырылу, көпірлердің/тоннельдердің қирауы кезінде:

- ✓ Қазақстан Республикасының темір жол көлігі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының қызметтік тексеру нәтижелері, темір жол полициясы органдарының, темір жолдағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қызметтердің, апаттық-техникалық және апаттық-құтқару қызметтерінің, төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар бөлімшелерінің актілері мен қорытындылары, сақтандыру жағдайының басталу дерегі мен себебін растайтын өзге де құжаттар.

өрт, жарылыс кезінде:

- ✓ Қазақстан Республикасының темір жол көлігі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының қызметтік тексеру нәтижелері, өртке қарсы, құқық қорғау органдарының актілері, өрт-техникалық сараптамасының, газ желісінің апаттық қызметінің, энергиямен жабдықтаудың апаттық қызметінің қорытындылары, сақтандыру жағдайының басталу дерегі мен себебін растайтын өзге де құжаттар.

үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері кезінде:

- ✓ құқық қорғау және тергеу органдарының қорытындылары, күзет жүйелерінің болуы мен сипаты туралы куәландыратын құжаттар (ведомстводан тыс күзет бөлімдерімен шарттар және т.б.), сақтандыру жағдайының басталу дерегі мен себебін растайтын өзге де құжаттар.

табиғи апаттар кезінде:

- ✓ мемлекеттік қызмет аумақтық бөлімшелерінің, мемлекеттік комиссиялардың, құзыретті органдардың, төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар бөлімшелерінің актілері, қорытындылары, сақтандыру жағдайының басталу дерегі мен себебін растайтын өзге де құжаттар.

Келтірілген шығын мөлшерін дәлелдеу үшін:

- ✓ Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) бүліну дәрежесін көрсете отырып жасаған жоғалған және/немесе бүлінген мүліктің тізбесі;
 - ✓ тауар жүкқұжаттары мен чектері, жұмыстарды тапсыру-қабылдау актілері, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының калькуляциясы, сметалары;
 - ✓ тәуелсіз сараптау (бағалау) ұйымдарының қорытындысының үлгісі;
 - ✓ келтірілген залалдың мөлшерін растайтын өзге де құжаттарды.
- 11.2. Ұсынылған құжаттарды жасау тәртібі мен нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуге тиіс, егер олар үшін бұл көзделген болса. Егер Сақтандыру ережелерінде / Шартында өзгеше көзделмесе, құжаттар Сақтандырушыға түпнұсқада не нотариалды куәландырылған немесе түпнұсқа мөрмен расталған және құзыретті ұйымның уәкілетті адамы қол қойған көшірме түрінде ұсынылады.
- 11.3. Құжаттарды жинау ауыртпалығы Сақтанушыға жүктеледі.
- 11.4. Құжаттардың нақты тізбесі Сақтандыру шартында айқындалады.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖАСАУ ТӘРТІБІ МЕН ЕРЕЖЕСІ

- 12.1. Сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде, бірақ сақтандыру сомасынан жоғары емес мөлшерде жүзеге асырылады.
- 12.2. Егер сақтандыру сомасы Сақтандыру шарты жасалған күнгі темір жол көлігінің нақты құнынан аз болса, онда сақтандыру төлемі сақтандыру сомасының темір жол көлігінің Сақтандыру шарты жасалған күнгі нақты құнына қатынасына тепе-тең жүргізіледі. Егер сақтандыру сомасы Сақтандыру шарты жасалған күнгі темір жол көлігінің нақты құнынан асып кетсе, Сақтандыру шарты жасалған күнгі темір жол көлігінің нақты құнынан асатын бөлігінде сақтандыру жарамсыз болып табылады. Сақтандыру сомасының темір жол көлігінің нақты құнына сәйкес келмеу дерегін Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде белгілеуі мүмкін.
- 12.3. Залал мөлшерін Сақтандырушы Сақтанушы (Пайда алушы) және/немесе Сақтандырушы ұсынған тәуелсіз бағалаушы ұсынған құжаттар негізінде айқындайды.
- 12.4. Залал мөлшері сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған теміржол көлігінің есептелген амортизациясын (тозуын) шегере отырып, бүлінген теміржол көлігін қалпына келтіру құнының есебі негізге алына отырып айқындалады.
- 12.5. Сақтандыру төлемі осы залалды үшінші тұлғалардан өтеу тәртібімен алынған сома шегеріле отырып жүргізіледі.
- 12.6. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтандырушыға соңғысының келісімімен сақтандырылған теміржол көлігіне өз құқықтарын бере алады және сақтандыру сомасы көлемінде сақтандыру төлемін ала алады.
- 12.7. Сақтандырушы сақтандыру төлемін зиянды өтеумен сақтандыру төлемінің сомасы шегінде заттай нысанда ауыстыра алады.
- 12.8. Егер Сақтандыру шартында өзге жағдай тікелей айтылмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімді сақтандыру жағдайының басталуын, оның басталу себептерін және алушының сақтандыру төлеміне құқығын растайтын құжаттардың толық тізбесін ұсынған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей қабылдайды. Бұл ретте мәлімделген сақтандыру оқиғасы бойынша қосымша құжаттарды және/немесе мәліметтерді алу қажет болған жағдайда шешім қабылдау мерзімі 3 (үш) айға тоқтатыла тұруы мүмкін; мәлімделген

сақтандыру оқиғасының жағдайлары туралы ақпаратпен айналысатын басқа ұйымдарға жүгіну қажет болған жағдайда; сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау мақсатында.

- 12.9. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушы барлық қажетті құжаттарды ұсынған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтанушыға бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесімен жазбаша нысанда хабарлайды, егер Сақтандыру шартында өзге жағдай айтылмаса.
- 12.10. Сақтандырушы - жеке тұлғалардың ерікті сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды қарау және сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімі Сақтанушыға барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.
- 12.11. Егер сақтандыру төлемін белгіленген мерзімде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, ұсынылған құжаттарға қосымша мәліметтер немесе деректер қажет болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мерзімін ұзарту қажеттілігінің себептерін түсіндіріп, сақтанушыны - жеке тұлғаны (Сақтандырылған, Бенефициар) хабардар етуге тиіс. Бұл ретте сақтандырушы - жеке тұлғалардың ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемі бойынша құжаттарды қараудың соңғы мерзімі өткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.
- 12.12. Егер Сақтанушы мен Пайда алушы бір тұлға болып табылмаса, сақтандыру төлемі Пайда алушы сақтандыру төлемін алудан жазбаша бас тартқаннан кейін Сақтанушыға жүзеге асырылуы мүмкін.
- 12.13. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен талаптары Сақтандыру шартымен өзгертілуі (толықтырылуы) мүмкін.
- 12.14. Сақтандыру жағдайларын қарау тәртібі Сақтандырушы, Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) мен дерекқорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым арасында электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы жазбаша нысанда да, электрондық нысанда да жүзеге асырылады.
- 12.15. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен Сақтандырушы, Сақтандырушы мен Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) арасындағы электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

13. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ҚАРАУЫ

- 13.1 Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген залалдың мөлшерін растау үшін ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Сақтандырушы мынадай әрекеттердің бірін жүзеге асырады:
 - 1) сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
 - 2) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады
 - 3) сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.
- 13.2 Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе осы Ережелерде көрсетілген шарттарда тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады.
- 13.3 Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі, егер ұсынылған құжаттардан болған оқиғаның мән-жайын, осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындауын анықтау мүмкін болмаған жағдайда қабылданады.

- 13.4 Өз кезегінде Сақтандырушының шешімінде көрсетілген мән-жайларды анықтау мүмкін еместігі Сақтандырушыға Сақтандыру ережелерінің нормаларын, Сақтандыру шартының талаптарын/осы Ережелерге қосымшаларды ескере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру не жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға мүмкіндік бермейді.
- 13.5 Бұл жағдайда Сақтандырушы өз шешімінде болған оқиғаның нақты қандай мән-жайларын және/немесе осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындау фактілерін белгілеуге болмайды және Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) қандай іс-әрекеттер жасауы тиіс екенін көрсетуге тиіс.
- 13.6 Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) құжаттар топтамасын ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде ресімделеді.

14 ҚОСАРЛЫ САҚТАНДЫРУ

- 14.1 Қосарланған (көпше) сақтандыру – бір объектіні бірнеше Сақтандырушыда әрқайсысымен дербес шарттар бойынша сақтандыру.
- 14.2 Сақтанушы Сақтандырушыда сақтандырылатын объектілерге қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.
- 14.3 Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушының алдында онымен жасалған Сақтандыру шарты шегінде жауапты болады, алайда Сақтанушы барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аса алмайды.
- 14.4 Сақтанушы кез келген Сақтандырушыдан Сақтандыру шартымен көзделген сақтандыру сомасы көлемінде сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты залалды өтемесе, Сақтанушы жетіспейтін соманы басқа Сақтандырушыдан алуға құқылы.
- 14.5 Келтірілген залалды басқа Сақтандырушылар өтегендіктен сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара босатылған Сақтандырушы Сақтанушыға келтірілген шығыстарды шегере отырып, сақтандыру сыйлықақыларының тиісті бөлігін қайтаруға міндетті.

15 СУБРОГАЦИЯ

- 15.1 Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға Сақтанушының келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қоятын кері талап қою құқығы төлеенген сома шегінде ауысады. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға Сақтандырушының өзіне өткен құқықты жүзеге асыруы үшін қажетті барлық құжаттарды және мәліметтерді хабарлауға және дәлелдерді ұсынуға міндетті.
- 15.2 Сақтанушы көрсетілген тұлғаға талап қоюдан немесе оған қойылатын талаптардың іске асырылуын қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартқан кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.
- 15.3 Сақтанушы азаматтық заңнамада белгіленген тәртіппен Сақтандырушыға келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға сақтандыру төлемінің көлемінен тыс талап ету құқығын беруге құқылы.

16 САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНА ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

- 16.1 Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Тараптардың бірінің жазбаша өтініші (хабарламасы) негізінде тараптардың өзара келісімі бойынша жүргізіледі.
- 16.2 Шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары:
- сақтандыру объектісін өзгерту;
 - сақтандыру шартын жасасу кезінде берілген мәліметтерді өзгерту;
 - сақтандыру қорғаудың қолданылу мерзімін өзгерту
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де жағдайлар.
- 16.3 Тараптардың бірі өтініш алған сәттен бастап шешім қабылданған сәтке дейін Сақтандыру шарты бұрынғы талаптарда қолданылады.
- 16.4 Осы Ережеге сәйкес жасалатын Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар Сақтандыру шартына қосымша келісім жасау және қол қою арқылы ресімделеді.
- 16.5 Сақтандыру шартына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулардың екі Тараптың уәкілетті өкілдері оларды жазбаша ресімдеген және қосымша келісімге қол қойған жағдайда заңды күші болады.

17 САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- 17.1 Міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату негіздерінен басқа, Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады, егер Сақтандыру шартында/осы Ереженің қосымшасында өзгеше көзделмесе:
- 1) Сақтандырушы бірінші сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған жағдайларда жүргізіледі. Егер бұл Сақтандыру шартында тікелей ескертілсе, ол Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырған кезде не темір жол көлігінің толық жойылу тәуекелі бойынша немесе темір жол көлігін ұрлау тәуекелі бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде өз қолданысын тоқтатады;
 - 2) Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде кезекті сақтандыру жарнасын төлемей;
 - 3) Сақтанушы өзіне белгілі болған, Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлау міндетін орындамаған жағдайда, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса не Сақтанушы Сақтандыру шарты талаптарының өзгеруіне немесе тәуекел дәрежесінің ұлғаюына мөлшерлес сақтандыру сыйлықақысының қосымша төленуіне қарсы болса;
 - 4) Сақтанушының бастамасы бойынша Сақтандыру шартын бұзу;
 - 5) Сақтандырушының бастамасы бойынша Сақтандыру шартын бұзу;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Сақтандыру шартымен белгіленген жағдайларда.
- 17.2 17.1-тармақтың 1)-4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша Сақтандыру шарты тоқтатылған кезде Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатпайды, егер Сақтандыру шартында өзге жағдай көзделмесе.
- 17.3 17.1-тармақтың 5)-6) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша Сақтандыру шарты тоқтатылған кезде Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары Сақтандырушыға Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу

- туралы өтініш берген күннен бастап сақтандыру мерзімі өтпеген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігі 30 жұмыс күнінен кешіктірілмей қайтарылуға жатады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге жағдай көзделмесе.
- 17.4 Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамаудан/тиісінше орындамаудан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.
- 17.5 Сақтандырушы-жеке тұлға сақтандыру келісімшартынан бас тартса, оның жасалған күнінен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде, сақтандырушы сақтандырушы-жеке тұлғаға сақтандыру жарнасының (сақтандыру жарналары) бір бөлігін алып тастаған сақтандыру жарнасын (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін, сондай-ақ сақтандыру келісімшартын тоқтатуға байланысты шығындарды (алынған) сақтандыру мерзімінің он пайызынан аспайтын шығындарды қайтаруға міндетті сақтандыру жарналары (сақтандыру жарналары).
- 17.6 Егер сақтандырушы – жеке тұлға осы тармақтың екінші бөлімінде көрсетілген мерзімде несие келісіміне қатысты сақтандыру келісімінен бас тартса, несие беруші осы келісім бойынша пайыздық мөлшерлемеге және (немесе) оған қатысты комиссияға қатысты шарттарды қайта қарауға құқылы. Шолу нәтижелеріне негізделген несие келісімі бойынша пайыздық мөлшерлеменің (комиссиялық сома) мөлшері сақтандыру шарты болмаса, несие келісімі жасалған күні күшінде болатын пайыздық мөлшерлемеден (комиссия) аспауы тиіс.
- 17.7 Егер жеке сақтандырушы несие келісіміне қатысты сақтандыру келісімінен бас тартса, оның (қарыз алушың) несие беру шарты бойынша міндеттемелерін орындауы нәтижесінде жеке сақтандырушы жеке сақтандырушыға бес жұмыс күні ішінде алған сақтандыру жарнасын (сақтандыру премияларының) бір бөлігін (сақтандыру жарналары) алып тастау туралы өтініш алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтаруы тиіс сақтандыру күшінде болған уақыт және сақтандыру келісімшартын тоқтатуға байланысты шығындар, алынған сақтандыру жарнасының (сақтандыру жарналары) он пайызынан аспайтын шығындар.
- 17.8 Сақтандыру шартын жарамсыз деп тану мүдделі тұлғаның талабы бойынша заңмен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Сақтандыру шарты жарамсыз болған кезде, Сақтандыру шартын жасасуға және орындауға байланысты шығыстарды қоспағанда, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа ол бойынша алынғанның бәрін қайтаруға міндетті, егер Сақтандыру шарты жарамсыздығының өзге салдары заңда көзделмеген болса. Сақтандыру шартын жарамсыз деп тану Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.
- 17.9 Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Сақтандыру шартында өзге жағдай көзделмесе, Сақтандыру шарты тараптар Сақтандыру шартын бұзу туралы келісімге (аддендум) қол қойған күннен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл ретте Сақтанушы Сақтандырушыға шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша өтінішті мынадай құжаттарды қоса бере отырып беруге міндетті:
- 1) Сақтандыру шартының түпнұсқасы (Сақтандыру шартын қағаз тасығышта жасаған кезде);
 - 2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес Клиентке тиісті тексеру жүргізуге мүмкіндік беретін мәліметтер мен құжаттың көшірмесі;
 - 3) қайтарылуға жататын сыйлықақы сомасын есепке жатқызуға арналған банктік деректемелер.

18 ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 18.1 Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 18.2 Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған тарап міндеттемелерді орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін мүлдіктік жауапты болмайды, егер тиісінше орындау еңсерілмейтін күштің, яғни төтенше және осы жағдайлар кезінде болмай қоймайтын жағдайлардың салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдесе.
- 18.3 Еңсерілмейтін күш мән-жайлары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, кез-келген сипаттағы соғыс немесе соғыс қимылдары, блокадалар, мемлекеттік органдардың тыйымдары. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының нақты тізбесі Сақтандыру шартында көзделуі мүмкін.
- 18.4 Егер Сақтандыру шартында өзге жағдай көзделмесе, еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекетін бастан кешіретін Тарап осындай жағдаяттардың басталғаны туралы екінші Тарапты 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.
- 18.5 Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекеті құзыретті органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.
- 18.6 Осы бөлімде көзделген Тараптардың жауапкершілігі Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес өзгертілуі (толықтырылуы) мүмкін.

19 ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 19.1 Шарттан немесе оған байланысты туындайтын кез келген даулар және/немесе келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.
- 19.2 Даулар туындаған кезде Тараптар дауды реттеудің сотқа дейінгі мынадай тәртібін сақтауға міндетті:
 - 1) дау туындаған жағдайда Тарап екінші Тарапқа жазбаша шағыммен жүгінуге және талапқа жауап алуға міндетті. Егер Тарап шағымда баяндалған талаптарды қанағаттандырудан бас тартса немесе талап алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде шағымға жазбаша жауап бермесе немесе шағымды ішінара немесе толық мойындағанын куәландыратын әрекеттер жасамаса, Тарап сақтандыру омбудсманына дауды шешу туралы өтінішпен жүгінеді. Сақтандыру омбудсманының дауды мәні бойынша шешуі дауды реттеудің сотқа дейінгі кезеңін сақтаудың міндетті кезеңі болып табылады. Бұл ретте Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) үшін сақтандыру омбудсменінің шешімін орындау міндетті емес.
 - 2) сақтандыру төлемінің мөлшеріне дауласуға қатысты дау туындаған жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемінің дауланбайтын бөлігін алуға міндетті, содан кейін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген әрекеттерді жасайды.
- 19.3 Келісімге қол жеткізілмеген және дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкін болмаған кезде тараптар Алматы қаласы Медеу ауданының сотына (егер даудың бір тарабы жеке тұлға болса немесе) немесе Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (егер дау заңды тұлғалар немесе дара кәсіпкерлер арасында болса) талап-арызбен жүгінеді, яғни шарттық соттылық белгіленеді.
- 19.4 Осы Сақтандыру ережелері мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 (екі) данада жасалды және оған қол қойылды. Мемлекеттік тілде жасалған осы Ережелер мәтінінің мазмұны орыс тілінде жасалған осы Ережелер мәтінінің мазмұнына

сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, Тараптар орыс тілінде жасалған Осы Ережелер мәтініне сүйенеді.

20 ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

- 20.1 Осы Ережеде айтылмағанның бәрі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі. Сақтандыру шарты мен Сақтандыру ережелері арасында қайшылықтар болған жағдайда, Сақтандыру шартының ережелері қолданылады.
- 20.2 Тараптардың келісімі бойынша жасалатын Сақтандыру шартына, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, ерекше талаптар (сақтандыру ескертулері, ұйғарымдар, ерекшеліктер және т. б.) енгізілуі мүмкін.